



*Мәжіліс*

e-mail: [agun.katu@gmail.com](mailto:agun.katu@gmail.com) • [www.kazatu.kz](http://www.kazatu.kz)

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы  
ҚазАТУ СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

# УНИВЕРСИТЕТИМ



*Құрметті әріптестер! Қымбатты студенттер!  
Қадірлі ер - азаматтар!*

Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке біздің халқымыз үшін батырлық пен табандылықтың, отансүйгіштік пен елге қызмет етудің жарқын символы болған. Қай дәуірде болмасын, Отанды қорғау - әр азаматтың қасиетті борышы, әрі міндеті.

Халқымызда «Ер - елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Әр сүйем жер үшін, ата-баба қонысын көздің қарашығындай сақтаған, тәуелсіздігіміз бен тыныштығымызды қас қақпай қорғаған жаужүрек ерлеріміздің, қайсар мінезді сардарларымыздың, халқымызға қорған болған ұлттық әскерлеріміздің айбыны арта берсін!

Баршаңызға еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан еселі еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт тілеймін!

Әрқашан аспанымыз ашық болып, ел тыныштығы бұзылмасын!

## **Құрметті әріптестер! Қымбатты студенттер! Қадірлі ардагерлер!**

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мәртебелі мерекенің жемісі.

Адамзат тарихында өшпес із қалдырған сұрапыл соғыстың аяқталғанына 71 жыл толды. Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Бұл мереке батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын - ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, зор бақыт, бейбіт өмір мен береке-бірлік тілеймін!

*Ізгі ниетпен,  
Ректор*

*А.Күрішбаев*

## Жаңа серіктестік – ынтымақтастықтың жаңа шектері



2016 жылдың 26 сәуірінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне Биотұздық ауыл шаруашылығы бойынша халықаралық орталығының бас директоры, доктор Исмахане Элуафи бастаған делегациясы келді.

Кездесу нәтижесінде бірнеше бағыттар бойынша ынтымақтастық туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді. Болашақта ICBA базасында

ҚАТУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамының тағылымдамасы ұйымдастырылады. Сондай-ақ, «Capacity Building» бағдарламасы шеңберінде ҚАЗАТУ-дың ПОҚ-ның біліктілігін арттыру бойынша курстарды ұйымдастыру мүмкіншілігі қарастырылды. ICBA білім алушылардың академиялық ұтқырлығы және қысқа мерзімді тағылымдама аясында білім алу үшін мүмкіндік береді, сондай-ақ, пост-докторантура бағдарламасының 4 бағыты бойынша: су ресурстарын басқару, топырақтану, биотехнология және өсімдік шаруашылығы. ҚАЗАТУ бірқатар халықаралық жобаларға, атап айтқанда, «Fertility soil map» топырақтың құнарлығының жаһандық картасын құру бойынша жобаға қатысады. ҚАЗАТУ-ң Агрономия факультетімен бірлесіп, жоғары шаруашылық бағалы сипаттамаларымен Қазақстан үшін жаңа дәстүрлі емес ауыл шаруашылығы мәдениетін өңдеу бойынша жоба бастау алады. Мароккода ICBA ұқсас жобасы сәтті жүзеге асырылған.

Кездесу барасында доктор Исмахане Элуафи және Орталық Азиядағы ICBA өкілі Кристина Тодерич ҚАТУ кітапханасына 6 дана кітап сыйлады және ауыл шаруашылығы бойынша материалдарының электрондық базасына кіруге рұқсат берді. Сондай-ақ, ICBA ауыл шаруашылығы бойынша халықаралық орталықтың ресурстық базасына ҚАЗАТУ сайты қосады.

Кездесу соңында тараптар одан әрі ынтымақтастықты жалғастыруға және жақын арада ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісті.



### *Итальянская архитектура от Ренессанса до Классицизма*



В Казахском агротехническом университете им.С.Сейфуллина.В рамках года культуры Италии в Республике Казахстан состоялась открытая лекция «Итальянская архитектура от Ренессанса до Классицизма» для профессорско-преподавательского состава, магистрантов, докторантов и студентов творческих специальностей университета. Также приняли участие ученые ВУЗов, НИИ, специалисты учреждений и фирм, специализирующиеся в области архитектуры, градостроительства и дизайна, также студенты факультета прикладных искусств

Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, Колледжа управления, специальность «Дизайн по профилю».

Курс лекций был посвящен деятельности крупнейших мастеров эпохи Возрождения, оставивших творческое наследие, на примере которых, появилась возможность окунуться в мир культуры эпохи Ренессанса и Классицизма. Федерика Росси прочла две обширные лекции по темам «Микеланджело и Палладио», «Филиппо Юварра и Джованни Баттиста Пиранези».

Лекции прошли в интерактивном формате обсуждения проблем истории архитектуры. Студенты творческих специальностей усвоили новые профессиональные знания и приобрели опыт общения с зарубежными учеными в области истории архитектуры.

По окончанию мероприятия Директор Центра развития международного сотрудничества и полиязычного образования С.А.Мейрамова вручила Федерике Росси памятный подарок, поблагодарив за интересную и содержательную встречу от имени руководства вуза.



## *Открытая лекция Посла Канады в Республике Казахстан Шона Стайла*



На днях состоялся визит Чрезвычайного и Полномочного Посла Канады в Республике Казахстан Шона Стайла в Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, в ходе которого состоялась открытая лекция по теме «Холодный климат, теплые отношения: диверсификация экономики через развитие Канадско-Казахстанского партнерства в сельскохозяйственном секторе» для профессорско-преподавательского состава, магистрантов, докторантов и студентов.

В своей лекции Посол Канады отметил, что сельское хозяйство Канады является составной частью аграрного бизнеса, главная роль в котором принадлежит пищевой промышленности. Различные фермерские хозяйства составляют основу сельскохозяйственных предприятий. Животноводческие фермы специализируются на выпуске мясной и молочной продукции, а сельскохозяйственные предприятия – в основном на выращивании пшеницы, ячменя и кукурузы. В последние несколько лет резко выросли объемы по производству кормовых и масличных культур. Шон Стайл подчеркнул, что сельское хозяйство является основной областью взаимодействия двух стран, так как Казахстан географически и по климату очень схож с Канадой. Это один из решающих факторов, благодаря которому казахстанские фермеры расположены к восприятию канадских технологий в Казахстане.

## *Германия Елшілігінің бірінші хатшысы Джонни Крамер ҚазАТУ-да*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне Қазақстан Республикасындағы Германия Елшілігінің бірінші хатшысы Джонни Крамер сапармен келді, сапар барысында «Неміс-Қазақстан ынтымақтастығы: ауыл шаруашылығы саласында дамуы мен болашағы» тақырыбы бойынша профессор-оқытушылар құрамына, магистранттар, докторанттар және университет студенттеріне арналған ашық дәріс жиыны өтті.

Дж.Крамер мырза жиын барысында Қазақстанды Германияның Азия құрлығындағы маңызды стратегиялық серіктесі ретінде қарастырады деп атап өтті. Дж.Крамер қазіргі кезеңде әлемде және Қазақстанда неміс тілі рөлінің мәселесіне ерекше назар аударды, студенттер мен оқытушылардың DAAD стипендиялық бағдарламаларына және Германияның парламенттік стипендиясына қатысу мүмкіндіктері туралы айтты.

Дәріс соңында «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ

Басқарма төрағасы профессор А.Қ.Күрішбаев Дж.Крамер мырзаның қызықты және мазмұнды кездесуі үшін алғыс айтып, қонаққа естелік сыйлық берді.



## Баскетбольный турнир



Баскетбол - одна из самых известных и почитаемых игр в мире. Баскетбол включен в программу по дисциплине "Физическая культура", работают секции по данному виду спорта. Наши баскетболисты успешно выступают на соревнованиях различного масштаба. Так, с 20 по 21 апреля 2016 года в Назарбаев Университете проходили соревнования по баскетболу в программе студенческой универсиады среди высших учебных заведений г. Астаны, где приняли участие 8 лучших команд.

Баскетболисты всех команд стремились к победе. Каждая встреча проходила в напряженной борьбе. Победителям приходилось на максимуме проявлять свои физические и умственные способности.

Следует отметить, что в этих соревнованиях наши баскетболисты со своим капитаном магистрантом первого курса технического факультета Нурсултаном Тураевым и наставником - заслуженным тренером РК, почетным деятелем физической культуры и спорта, заведующим кафедрой физического воспитания, доцентом Шкурковым А.С. показали выразительную, динамическую, зрелищную игру. Каждый матч без исключения проходил с большим азартом и на высоких скоростях, зрители стали свидетелями довольно высокого уровня мастерства наших студентов, т.к. наши игроки поражали кольцо с завидным процентом.

В финале наша команда встретилась с баскетболистами КазГЮА и победила со счетом 46:23. На III месте были баскетболисты команды МУА.

В этом учебном году хорошие результаты также показали баскетболисты КАТУ им.С.Сейфуллина на соревнованиях в Республиканской студенческой лиге.

Студенческая лига по баскетболу - новое движение для Казахстана, которое только зарождается. Тем не менее, в первом сезоне приняли участие свыше 20 студенческих команд. В числе финалистов была наша команда, которая оспаривала звание первого чемпиона НСЛ по баскетболу со студентами Международного университета информационных технологий. В итоге стала серебряным призером соревнований.

Важным событием этого года для спортсменов КАТУ им.С.Сейфуллина стало I место на соревнованиях в городской студенческой лиге.

Во всех соревнованиях накал борьбы и уровень мастерства игроков порадовал нас, выражаем благодарность тренеру и руководству КАТУ им. С. Сейфуллина, которые создают все условия, чтобы наши студенты активно занимались спортом, пропагандировали здоровый образ жизни и повышали престиж учебного заведения.



Надыров А.Л., доцент кафедры физвоспитания



## Қазақстан тарихы пәнінің 10 күндігі



2016 жылдың 31 наурыз бен 8 сәуір аралығында Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен тарих пәнінің 10 күндігі өтті. Онкүндік Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Ә.Бөкейхановтың 150 жылдығы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы аясында болды. Атап-айтқанда, 2016 жылдың 31 наурызында С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-да Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Гендерлік саясат: қазақ әйелінің міндеті мен рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті «Мемлекет тарихы» институтының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.д., профессор Қ.М.Еримбетова, Л.Н.Гумилев атындағы Ұлттық университетінің доценті, т.ғ.к., Қ.Сәрсембина, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушылары Ж.Р.Абишева, Б.Б.Енсепов қазақ әйелі мен қазіргі кездегі гендерлік саясатқа қатысты мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына тоқталып өтті. Студенттер де пікір-таласқа қатысып, өз ойларын ортаға салды. 2016 жылы 31 наурызда С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың бірінші курс студенттері арасында «Туған өлке – тұнған шежіре» тақырыбында эссе жазудан сайыс өтті. Оған Экономика, ВжМШТ, КЖЖКББ және Жерге орналастыру факультеттерінің студенттері қатысты. Орыс тілді топтар бойынша 1-орынды – жерге орналастыру факультетінің 108-оқу тобының студенті Исмагулов Диас; 2-орынды – техникалық факультеттің 111-оқу тобының студенттері Шынар Кабакова, Мадияр Есембаев, Дамир Крамсаков; 3-орынды – жерге орналастыру факультетінің 108-оқу тобының студенті Аделя Турдалиева, КЖЖКББ факультетінің 102-оқу тобының студенті Тортаева Айнура, техникалық факультеттің ТМО-111 оқу тобының студенті Елизавета Алексеева иеленсе, Қазақ тілді топтар бойынша 1-орынды – техникалық факультеттің ТМО-109 оқу тобының студенті Айторе Жүніс. 2-орынды – экономика факультетінің 101-оқу тобының студенті Динара Калиева 3-орынды – техникалық факультеттің ТМО-109 оқу тобының студенті Ұлықбек Қазыбек, КЖЖКББ факультетінің 106-оқу тобының студенті Ұлдана Әбдраман иеленді.

2016 жылдың 1-4 сәуірінде Қазақстан тарихы кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен Қазақстан тарихы пәнінен С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың 1-курс студенттері арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, Ә.Бөкейхановтың 150 жылдығына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына арналған қабырға газеті байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орындар тағайындалып, үздік шыққан студенттер марапатталды. Жүлделі бірінші орынды – техникалық факультеттің 115-оқу тобы, екінші орынды КЖЖКББ факультетінің АЖ-105-оқу тобы, ал үшінші орынды техникалық факультеттің ТМО-109 оқу тобының студенттері иеленді.

2016 жылы 4 сәуірде Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары Б.С.Абдильдина мен Ш.Канжилдің ұйымдастыруымен «Ұлттық құндылықтар - тарихи жәдігерлер» атты факультетаралық білімділер сайысы өткізілді. Сайысқа экономика, ВжМШТ, КЖЖКББ факультеттерінің 1-курс студенттері қатысты. Сайыс қорытындысында экономика факультетінің командасы бірінші орынды иеленді.

2016 жылы 6 сәуірде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасы жанындағы «Атамекен» тарихи үйірмесі мен «Мирас» жастар клубы «Қазақстандағы азаттық қозғалыс: тарихы мен тағылымы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел барысында «Атамекен» тарихи үйірмесі мен «Мирас» жастар клубы мүшелері Қазақстандағы азаттық қозғалыстың тарихы мен қазіргі таңда алатын орны туралы өз ойларын ортаға салып, талқылады.

2016 жылдың 7 сәуірінде Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары Ж.Р.Абишева, Б.С.Абдильдина, Қ.Р.Асыллов, Ш.Н.Саяхимованың ұйымдастыруымен Қазақстан тарихы пәнінен 11-ші сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, Ә.Бөкейхановтың 150 жылдығына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына арналған қалалық олимпиада өткізілді. Олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орындар тағайындалып, үздік шыққан оқушылар марапатталды.

## Қайран Қазағым!

Қазағым, Қазақстаным ұлы дала,  
Мен үшін орны бөлек қымбат дара.  
Болсын деймін әрқашан бейбіт өмір,  
Еңбекпен келген бұл сыйлы дала.

Дағдарыс бізге келіп жетсе дағы,  
Қазақстаным сонда да жайнап жатыр.  
Мемлекеттің қаражатын жымқырғандар,  
Елімізге әлі де келмей жатыр.

Сол азаматтар елімізге келсе деймін,  
Халқымызға қол ұшын берсе деймін.  
Мемлекеттің қаражатын молайтып,  
Дағдарыстан аман-есен өтсек деймін.

Назарбаев басшымыз айтып өткен,  
Ұрлағандар еліне оралсын шеттен.  
Біз оларға жазалар қолданбаймыз,  
Ақшаны қайтарсын тек алып кеткен!

Қаптап кетті безбүйрек аналар да,  
Сәбиін лақтырып коқысқа да, далаға да  
Артынан білмей қаптын деп жылап жатыр,  
Кейін шіркін мұндай бала таба ала ма?

Білмей қаптын, дейтін бұл сабак емес,  
Немесе ұмытып кетер қағаз емес.  
Балалардың өмірі ойыншық болды-ау,  
Әлі де тоқтар емес, тынар емес...

Тастау үшін баланы лақтырып,  
Арнайы жәшіктер бар орнатылған.  
Көзіммен көрмесем де жылап тұрып,  
Теледидардан көрдім мен бұл жасаған!

Азғындап кетті көп ер адамдар,  
Ойы бұзық, санасы жоқ надандар.  
Көзін тігіп кішкентай балаларға,  
Ойына келгенін жасар бұл жамандар.

Мұндай әдет болмаған бабамызда,  
Қанмен келді дейтұғын санамызға.  
Кім білсін, қауіп шығар келіп төнген,  
Тыныш өмір сүріп жатқан халқымызға.

Дұрыс жолға бет бұрайық, ағайындар,  
Естімейік мұндай жаман хабарлар.  
Қисық ағаш түзелмейді дегенмен,  
Адамсың ғой кеудесінде жаны бар.

Ар-ұят, әдет-ғұрыптан аспайық,  
Қиындық келсе ат тонын ала қашпайық.  
Ешкімге «тәуелсіз» өмірімізді бағалап,  
Үлгі етер, түзу жолға жол бастайық!

*Арайтым Өмірбекқызы,  
Агрономиялық факультетінің  
4-курс студенті*

## Ваши юбилеры

*Поздравляем вас с юбилеем! От всей души желаем вам крепкого здоровья, творческого долголетия, счастья, добра и благополучия, новых добрых дел и интересных плодотворных идей!*

1. Нуржанова А.С. - Доцент, к.н., 06.05.1966 г.
2. Тлеуметов Д.М. - Директор издательства, 07.05.1956 г.
3. Тамабаева М.К. - Лаборант-делопроизводитель, 09.05.1966 г.
4. Грипп Е.А. - Старший преподаватель, 15.05.1966 г.
5. Витвицкий В.В. - Заместитель председателя Правления по развитию инф., 20.05.1956 г.
6. Рябицнов С.Ю. - Старший преподаватель, к.н., 28.05.1956 г.



С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.  
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,  
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының директоры - Б. Иманғалиев,  
шығарушы редакторы - Ж. Естекбаева, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,  
редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,  
Телефоны: 8/7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.  
Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.